

БЕКІТІМНІ  
«Ақсәмер жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-н  
директоры Біржолғаева А.Т.  
2024 жыл 19 тамыз



## Тәрбие жұмысының жоспары

Педагог: Серікқызы Нұрсезім

Сынып: 6 «Ә»

2024-2025 оқу жылы

### Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт»



ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық  
бірлік және ынтымақ  
әділдік және жауапкершілік  
заң және тәртіп  
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік  
жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

**1 қыркүйек – «Білім күні»**

**5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні**

**Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні**

**Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні**

**Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Менің Отаным Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №1-САБАҚ:«Жедел қызмет нөмірлері»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	02.09.24ж.
2	«Отбасындағы сыйластық» «Жолда жүру ережелері (қайталау)..» ЖЖЕ №1 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 2-САБАҚ:«Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан)	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	09.09.24ж.
3	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №3-САБАҚ:«Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	16.09.24ж.
4	«Еңбек -түбі береке» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №4-САБАҚ«Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзіңізді қорғауға көмектесуге болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	23.09.24ж.
5	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 5-САБАҚ«Зиянды бағдарлама. Қауіпті қалай тануға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	30.09.24ж.
<b>Сыныптан тыс іс-шара</b>				
1	«Тілім менің ғасырларға аманат»	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Тілдер бірлестігі	05.09.2024ж
2	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі	«Денсаулық фестивалі» Мектепшілік шара	МДТЖО Д.Т.Шабиқова Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	23-27.09.2024ж

3	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» сынып жиналысы	Хаттама №1	Н.Серікқызы	06.09.2024ж
<b>Ата-анамен жұмыс</b>				
1	«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» ата-аналар жиналысы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы	Хаттама №1	Н.Серікқызы	02.09.2024ж
<b>Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық</b>				
1 қазан – Халықаралық карттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1	«Ұстазым-ұлағатым, үлгі өнегем!» «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.» ЖЖЕ №2 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №6-САБАҚ «Неліктен ата- анамен өз тәжірибемен бөлісу маңызды?».	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	07.10.24ж.
2	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №7-САБАҚ «Бассейндегі немесе судағы жарақаттар мен кездейсоқ оқиғаларды қалай болдырмауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	14.10.24ж.
3	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Қазақ елі менің - Отаным» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №8-САБАҚ «Мұздағы қауіпсіздік»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	21.10.24ж.
<b>Сыныптан тыс іс-шара</b>				
1	«Даналық ұстаздан» челленджі «Шабыт» жобасы	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Н.Серікқызы	05.10.2024ж
2	«Демалыста кітап оқимыз» («Балалар кітапханасы» жобасы)	мектепшілік іс-шара	Н.Серікқызы	28.10-03.11.2024
3	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы («Қамқор» жобасы)	Таза сенбіліктер	Н.Серікқызы	14-18.10.2024ж
4	«Жетістікке бірге жетейік» сынып жиналысы	Хаттама №2	Н.Серікқызы	24.10.2024ж
<b>Ата-анамен жұмыс</b>				
2	«Ата-ана-бала- мұғалім үштігі» ата-ана жиналысы (күзгі қауіпсіздік ережесі)	Хаттама №2	Н.Серікқызы	02.10.2024ж

II тоқсан



**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**  
**15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні**  
**16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні**

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9-САБАҚ «Халықаралық көмек көрсету белгілері»	Сыныпсағатының жоспары	Н.Серікқызы	04.11.24ж.
2	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 10-САБАҚ «Жасанды интеллект, оған сөзсіз сену керек пе?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	11.11.24ж.
3	«Әділдік және жауапкершілік» «Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары» ЖЖКЕ №3 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 11-САБАҚ «Жедел қызмет нөмірлері»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	18.11.24ж.
4	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 12-САБАҚ «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан)	Сыныпсағатының жоспары	Н.Серікқызы	25.11.24ж.

**Сыныптан тыс іс-шара**

1	«Startup» байқауы («SMART BALA» жобасы)	Байқау	Н.Серікқызы	18-22.11.2024ж
---	--	--------	-------------	----------------

**Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы**  
**5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні**  
**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні**

1	5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні «Еріктілердің ар ойданы таза...» «Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы» ЖЖКЕ №4 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 13-САБАҚ «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	02.12.24ж.
2	«Мен өз елімнің патриотым!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	09.12.24ж.

	№ 14-САБАҚ «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзіңді қорғауға көмектесуге болады?».			
3	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ «Зиянды бағдарлама. Қауіпті қалай тануға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	16.12.24ж.
4	«Құқықтық сауаттылық заман талабы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16- САБАҚ «Неліктен ата- анаңмен өз тәжірибеңмен бөлісу маңызды?».	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	23.12.24ж.
Сыныптан тыс іс-шара				
1	«Жетістігімді еліме арнаймын»	Челлендж	Н.Серікқызы Тәлімгер Уразбаева Ж.Б.	09-13.12.2024ж
2	«Кітап кейіпкерлері» сыныптан тыс іс-шара(Б.Сокпақбаев «Менің атым Қожа» шығармасы негізінде)	Әлеуметтік желіге жариялау	И.С.Аблесова Н.Серікқызы	12-13.12.2024ж
3	«Имандылық ұл-қызға жарасады» сынып жиналысы	Хаттама №3	Н.Серікқызы	27.12.2024ж
Ата-анамен жұмыс				
1	«Отбасы-тәрбие бастауы» ата-аналар жиналысы(қысқы қауіпсіздік ережесі)	Хаттама №3	Н.Серікқызы	27.12.2024ж
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ «Бассейндегі немесе судағы жарақаттар мен кездейсоқ оқиғаларды қалай болдырмауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	13.01.25ж.
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18- САБАҚ «Мұздағы қауіпсіздік»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	20.01.25ж.
3	«Адалдық ардың ісі» «Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ №5	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	27.01.25ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19- САБАҚ «Халықаралық көмек көрсету белгілері»			
Ата-анамен жұмыс				
1	«Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі» іс-шара	фотоесеп	МДТЖЖО Шабиқова Д.Т. Н.Серікқызы	03-05.01.2025ж
<b>Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық</b> <b>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні</b> <b>Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні</b>				
1	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» <b>«Цифрлық әлемде қауіпсіз қалам» ашық тәрбие сағаты</b> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 20-САБАҚ «Жасанды интеллект, оған сөзсіз сену керек пе?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	03.02.25ж.
2	«Өнер мен мәдениеттегі жаңашылдық» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 21-САБАҚ «Жедел қызмет нөмірлері»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	10.02.25ж.
3	«Қауіпсіз қоғам» / «Жол қозғалысының қауіпсіздігі.» ЖЖЕ №6 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 22-САБАҚ «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан)	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	17.02.25ж.
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	24.02.25ж.
Сыныптан тыс іс-шара				
1	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Балалар кітапханасы» жобасы	Әлеуметтік желіге жариялау	Н.Серікқызы	
<b>Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b> <b>1 наурыз – Алғыс айту күні</b> <b>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні</b> <b>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі</b> <b>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні</b>				
1	«Алғыс – ізгі ниет»	Сынып сағатының	Н.Серікқызы	03.03.25ж.



	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 24-САБАҚ «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзінділі қорғауға көмектесуге болады?».	жоспары		
2	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Ананың аялы алақаны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25- САБАҚ «Зиянды бағдарлама. Қауіпті қалай тануға болады?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Н.Серікқызы	10.03.25ж.
3	«Наурыз – жыл басы» «Жолқозғалысынақатысушылардыңқұқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері»ЖЖЕ №7 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26- САБАҚ «Неліктен ата- анамен өз тәжірибенмен бөлісу маңызды?».	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	17.03.25ж.
Сыныптан тыс іс-шара				
2	«Жер сағаты» экологиялық акциясы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Акция	Н.Серікқызы	4 апта
3	«Ойыңа сауатты көзқарас» сынып жиналысы	Хаттама №4	Н.Серікқызы	16.03.2025ж
Ата-анамен жұмыс				
1	«Менің әкем –жақсы адам»ата-аналар жиналысы	Хаттама №4	Н.Серікқызы	15.03.2025ж
IV тоқсан				
<b>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b> <b>2 сәуір</b> – Халықаралық балалар кітабы күні <b>7 сәуір</b> – Дүниежүзілік денсаулық күні <b>12 сәуір</b> – Ғылым күні <b>15 сәуір</b> – Халықаралық мәдениет күні <b>18 сәуір</b> – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні <b>23 сәуір</b> – Ұлттық кітап күні				
1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27- САБАҚ «Бассейндегі немесе судағы жарақаттар мен кездейсоқ оқиғаларды қалай болдырмауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	07.04.25ж.
2	«Өмірге салауатты қадам» «Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі.Жол "қақпан".» ЖЖЕ №8	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	14.04.25ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ «Мұздағы қауіпсіздік»			
3	«Тіімді әрі пайдалы тамақтану» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29-САБАҚ «Халықаралық көмек көрсету белгілері»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	21.04.25ж.
4	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» «Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу» ЖЖЕ №9 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 30-САБАҚ «Жасанды интеллект, оған сөзсіз сену керек пе?»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	28.04.25ж.
<b>Сыныптан тыс іс-шара</b>				
1	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Тәлімгер Уразбаева Ж.Б.	
<b>Ата-анамен жұмыс</b>				
1	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып («Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»)	Шеберлік сынып	Н.Серікқызы/ педагог-психолог	2 апта
<b>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы</b>				
1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні				
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні				
9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні				
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні				
18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні				
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы жүреді» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 31-САБАҚ: «Жедел қызмет нөмірлері»	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	05.05.25ж.
2	«Қауіпсіз интернет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32-САБАҚ «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан)	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	12.05.25ж.
3	«Білімім – Отаным!» Қорытындысабақ. ЖЖЕ №10 Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағатының жоспары	Н.Серікқызы	19.05.25ж.

	№ 33-САБАҚ «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады?»			
<b>Сыныптан тыс іс-шара</b>				
1	«Ән шуақ» фестивалі «Шабьт» жобасы	Фестиваль	Үйірме жетекшілері	мамыр
2	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ	Мектепшілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Т.Шабикова, сынып жетекші	
3	«Сыныптың жалпы жетістіктері мен қиындықтары» сынып жиналысы	Хаттама №5	Н.Серікқызы	23.05.2025ж
<b>Ата-анамен жұмыс</b>				
1	«Мен және менің балам» ата-аналар жиналысы	Хаттама №5	Н.Серікқызы	25-29.05.2025ж